



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2026 ЖЫЛҒЫ 5 ТАМЫЗ

Талдықорған қаласы

№ №47-Н

город Талдықорған

СТ РК ISO 37001:2025 талаптарының енгізілуіне байланысты ШЖҚ «Жетісу Медиа» МКК-ның қолданыстағы ішкі құжаттарына өзгерістер енгізу туралы

Парақорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесін жетілдіру, шаруашылық жүргізу құқығындағы «Жетісу Медиа» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының (бұдан әрі – Кәсіпорын) ішкі құжаттарын СТ РК ISO 37001:2025 «Парақорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйелері. Талаптар және пайдалану жөніндегі нұсқаулық» мемлекеттік стандартының талаптарына сәйкестендіру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жүйесінің тиімділігін арттыру, парақорлыққа қарсы тұрақты мәдениетті қалыптастыру, мүдделер қақтығысының алдын алу және оны реттеу тетіктерін жетілдіру, сондай-ақ Қазақстан Республикасы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының талаптарын іске асыру мақсатында, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Кәсіпорынның мынадай ішкі құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

-осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес шаруашылық жүргізу құқығындағы «Жетісу Медиа» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатына;

-осы бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес шаруашылық жүргізу құқығындағы «Жетісу Медиа» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің Мүдделер қақтығысының алдын алу және оны реттеу саясатына;

-осы бұйрықтың 3-қосымшасына сәйкес шаруашылық жүргізу құқығындағы «Жетісу Медиа» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны қызметкерлерінің Корпоративтік әдеп және қызметтік мінез-құлық кодексіне.

2. Аталған ішкі құжаттарға өзгерістер мен толықтырулар олардың қолданыстағы редакцияларының күшін жоймай, жекелеген ережелерін өзектендіру және толықтыру арқылы енгізілетіні белгіленсін.

3. Кәсіпорынның комплаенс-офицері:

-осы бұйрықтың және енгізілген өзгерістердің Кәсіпорын қызметкерлерінің назарына жеткізілуін қамтамасыз етсін;

-ішкі құжаттардың жаңартылған ережелерін қолдану мәселелері бойынша түсіндіру жұмыстарын ұйымдастырсын;

-Кәсіпорын қызметіне қатысты бөлігінде СТ РК ISO 37001:2025 талаптарының сақталуына мониторинг жүргізуді қамтамасыз етсін;

000197

-СТ РК ISO 37001:2025 талаптарын ескере отырып, Кәсіпорындағы паракорлық тәуекелдеріне (сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне) бағалауды қайта жүргізсін және қажет болған жағдайда ішкі құжаттарды өзектендіру жөнінде Кәсіпорын басшысына ұсыныстар енгізсін.

4. Кәсіпорынның кадр бөлімі:

-қызметкерлерді енгізілген өзгерістермен қол қою арқылы не (болған жағдайда) электрондық құжат айналымы жүйесі арқылы немесе танысқанын растауға мүмкіндік беретін өзге тәсілмен таныстыруды қамтамасыз етсін;

-жаңадан жұмысқа қабылданатын қызметкерлерді бейімдеу рәсімдеріне жаңартылған ішкі құжаттардың талаптарын енгізуді қамтамасыз етсін.

5. Кәсіпорынның құрылымдық бөлімшелерінің басшылары:

-қызметкерлердің жаңартылған ішкі құжаттардың талаптарын сақтауын қамтамасыз етсін;

-сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу, мүдделер қақтығысының туындауына жол бермеу және оны реттеу, сондай-ақ корпоративтік әдеп нормаларының сақталуы жөнінде шаралар қабылдасын;

-анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдері, мүдделер қақтығыстары және Кәсіпорынның ішкі құжаттары талаптарының өзге де бұзушылықтары туралы комплаенс-офицерге уақтылы хабарлауды қамтамасыз етсін.

6. Осы бұйрыққа қайшы келетін бөлігінде Кәсіпорынның ішкі құжаттарының ережелері күшін жойған деп танылсын.

7. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Кәсіпорынның комплаенс-офицері А.С. Султанбекке жүктелсін.

8. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Басшы

Солт



Р. Турганбаев

орын. А. Султанбек
тел. +77715548858

Бұйрықпен таныстырылды:

А. Айманбекова *[Signature]*

Ж. Әміреев *[Signature]*

Х. Еспанов *[Signature]*

А. Устаева *[Signature]*

2026 жылғы 5 тамыз

1-қосымша

«Жетісу Медиа» ШЖҚ МКК-ның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатына енгізілетін өзгерістердің тізбесі.

2-қосымша

«Жетісу Медиа» ШЖҚ МКК лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің Мүдделер қақтығысының алдын алу және оны реттеу саясатына енгізілетін өзгерістердің тізбесі.

3-қосымша

«Жетісу Медиа» ШЖҚ МКК қызметкерлерінің Корпоративтік әдеп және қызметтік мінез-құлық кодексіне енгізілетін өзгерістердің тізбесі.